

Түркістан облысы Шардара ауданы адами әлеуетті бөліміне қарасты Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің 9-10 шы сынып оқушыларының қатысуымен "Мамандықтар калейдоскобы" челленджін жолдайды. Мамандық таңдау да мектеп қабырғасынан басталады, мамандықтың бәрі жақсы қажеттісін таңдай біл демекші, біреуіміз ертең ақын, дәрігер аспаз, мұғалім, полиция немесе өнер жолын таңдауымыз мүмкін. Мамандықтың жаманы жоқ бәрі жақсы. Мамандық таңдауда қызығушылық пен қабілет болуы қажет. Үлкендердің еңбегін бағалауға құрметтеуге тәрбиелеу.



Шардара аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің жоспарына сай Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта мектептің педагог психологы А. Қасымбекова 2022-2023 оқу жылының мамыр айында ата-аналарға арналған "Менің балам кім?" тақырыбында тренинг өтті. Тренингтің мақсаты: өз баласын түсіну мүмкіндіктерін кеңейту, баламен өзара қатынасты жақсы түсіну, баламен өзара әрекеттің жаңа дағдыларын меңгеру, балалармен бірге мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету. Бала тәрбиелеу сапасының аз да болса жоғарлауына ықпал ету. Тренингте "Танысу", "Бұл өмірде мен кімін?", "Жанұя" сергітуі жаттығулары жүргізіліп жағдаяттық сұрақтар талқыланды.



Түркістан облысы Шардара ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Шоқан Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінде бейіндік және кәсіптік бағдар беру педагогы жоспарына сәйкес үйде оқытылатын оқушыларымен «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбына сәйкес, суреттер салды. Балалар өскенде кім болатындарын қағаз бетіне бейнелеп берді. Қозыбай Шахислам дәрігер болғысы келсе, Жексенбай Нұрасыл аспазшы болғысы келетінін мақтанышпен айтып, қағаз бетіне түсірді. Мамандық таңдау барысында оқушылар мен сұхбат жүргізіліп, сауалнама алынды.



Шардара ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскері Қ.Жаутикованың ұйымдастыруымен Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің 9-сынып оқушылары ауданымыздағы 16 колледж мамандарымен ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жалпы кездесу барысында оқушылар тарапынан өздерін толғандыратын сұрақтар қойылды. Колледж мамандары оқу орнының ерекшеліктерімен таныстырды, оқушыларға болашақ мамандықтарын айқын да сенімді тыңдай білуге кеңес берді.



Түркістан облысы Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінде бейіндік және кәсіптік бағдарлау іс жоспарына сәйкес мектебімізде 9,11-сынып оқушыларымен М.Тынышбаев атындағы Шымкент көлік колледжінің мамандарымен кездесу өтті. Кездесу барысында оқушылар таңдаған мамандықтарына байланысты сұрақтар қойып өздеріне қажет жауаптар алды. Кездесу жоғары деңгейде өтті.





Түркістан облысы Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінде бейіндік және кәсіптік бағдарлау іс жоспарына сәйкес 5-сынып оқушылары мектебіміздегі мұражайға саяхат жасады. Мұражайда оқушылар ауылымыздан шыққан Ұлы Отан соғысы ардагерлері, мектебіміздің ұстаздары, сонымен қатар мектеп түлектерімен танысты. Оқушылар мұражайдағы саяхаттан болашақ өмірлеріне қажетті үлгі өнеге ала білгенін айтып, өз ойларын бөлісті.Өздерінің кейінгі ұрпаққа үлгі болулары үшін жақсы оқу қажет екеніне көз жеткізді.



Түркістан облысы Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінде бейіндік және кәсіптік бағдарлау іс жоспарына сәйкес 5-сынып оқушылары мектебіміздегі мұражайға саяхат жасады. Мұражайда оқушылар ауылымыздан шыққан Ұлы Отан соғысы ардагерлері, мектебіміздің ұстаздары, сонымен қатар мектеп түлектерімен танысты. Оқушылар мұражайдағы саяхаттан болашақ өмірлеріне қажетті үлгі өнеге ала білгенін айтып, өз ойларын бөлісті.Өздерінің кейінгі ұрпаққа үлгі болулары үшін жақсы оқу қажет екеніне көз жеткізді.



Шардара аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен өткен "Мамандықтар әлемін ашамыз" республикалық форумының аудандық кезеңінде "Менің кәсібім-менің бизнесім" номинациясы бойынша мал шаруашылығын дамыту туралы бизнес жоспар жасаған Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің 10 сынып оқушысы Кеңес Заманбек жүлделі I орынға ие болды. Жетекшісі Жансейтова Роза.

Форумның "Жаңа мамандықтар әлемі" көрмесінде болашақтағы жаңа "Экологиялық туризм менеджері" мамандығы бойынша 10 сынып оқушысы Көбей Рамазан қызықты ақпараттармен таныстырды. Жетекшісі Түлебаева Ақмарал.



Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектеп директорының бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Б Нуртаева және кәсіби бағдар беру педагогы А Насрединованың ұйымдастыруымен оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және қызығушылық бағытын анықтау мақсатында 9-10 сынып оқушыларынан сауалнамалар мен тест алынды.





Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектеп директорының бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Б Нуртаева және кәсіби бағдар беру педагогы А Насрединованың ұйымдастыруымен оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және қызығушылық бағытын анықтау мақсатында 9-10 сынып оқушыларынан сауалнамалар мен тест алынды.

